БЕКІТЕМІН»
№1 педагогикалық кеңесте
«Манашы»бөбекжайы»ЖБҚ МКҚК

директор_____К.Корпелиева

«____»_____2026 ж.

Маңғыстау облысы білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Манашы» бөбекжайы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның
2026-2027 оқу жылына арналған
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

31.08.2026 жылғы педагогикалық кеңесте қабылданды
№1 хаттама

Бейнеу, 2026 ж.

МАЗМҰНЫ

I. Ұйымдастыру және жоспарлау жұмыстары
1.1. Кіріспе (балабақша туралы мәлімет)

1.2 2025–2026 оқу жылындағы жұмыстың қорытынды талдауы.
1.3. 2026–2027 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер.
1.4. Бір жылға арналған негізгі іс-шаралар жоспары.
1.5. Нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс және олардың орындалуын қамтамасыз ету.

II. Кадрлармен жұмыс

2.1. Педагогикалық кеңестер
2.2. Өндірістік кеңестер
2.3. Меңгеруші жанындағы кеңестер.
2.4. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жоспары.
2.5. Педагог-психологтың жұмыс жоспары.
2.6. Медицина қызметкерінің жұмыс жоспары.
2.7. Құқықтық жалпы оқыту және нормативтік-құқықтық сауаттылық.
2.8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жұмысы.

III. Әдістемелік жұмыс

3.1. Әдістемелік кеңес
3.2. Семинарлар, семинар-практикумдар, консультациялар, дөңгелек үстелдер.
3.3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер.
3.4. Педагогтердің цифрлық және инновациялық құзыреттерін дамыту.

IV. Балалармен тәрбиелеу-білім беру жұмысы

4.1. «Заң мен тәртіп» идеологиясының қағидаттарын іс асыру.
4.2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру.
4.3. Қауіпсіздік мектебі (жол,өрт, төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлық)
4.4. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы
4.5. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауық-кештер)
4.6 «Таза Қазақстан»тұжырымдамасы аясында балаларға экологиялық мәдениетті жетілдіру (серуендер, экскурсиялар).
4.7. Буллингтің алдын алу және мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша профилактикалық іс-шаралар жоспары жоспары
4.8. Сайыстар, көрмелер, шығармашылық жұмыстар.
4.9 Спорттық іс-шаралар жоспары
5.1 Музыка жетекшісінің жоспары
5.2. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру жоспары
5.3. «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулу

V. Бақылау және басшылық

5.1. Тәрбиелеу-білім беру процесін бақылау.
5.2. Құжаттардың жүргізілуін бақылау.
5.3. Балалардың даму мониторингін бақылау.
5.4. Санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуын бақылау.
5.5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау.
5.6. Тамақтануды ұйымдастыру сапасын бақылау.
5.7. Инклюзивті ортаның ұйымдастырылуын бақылау.
5.8. Лицензиялау талаптарына сәйкестік бойынша ішкі бақылау.
5.9. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша бақылау.
5.10. Жылдық жұмыс жоспарының орындалуына қорытынды мониторинг.

VI. Ата-аналармен және әлеуметтік серіктестермен жұмыс

6.1. Жалпы ата-аналар жиналысы.
6.2. Топтық ата-аналар жиналыстары мен ата-аналарға арналған консультациялар
6.3. Ашық есік күндері
6.4. Әжелер, әкелер, аналар мектебі жоспары
6.5 Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру жоспары

I. Ұйымдастыру және жоспарлау жұмыстары

1.1. Кіріспе

Балабақша басшысы	Корпелиева Каракоз Исатаевна
Орналасқан жері	Бейнеу ауданы,Бейнеу ауылы,С.Бегиндикулы №1А
Қолданысқа берілген уақыты	2011 жыл

Бөбекжай жобалық қуаты	жобалық қуаты - 200 орын
Бөбекжай материалдық-техникалық базасы	ғимарат 2 қабат, 8 топ , ән-саз залы, педагог-психолог бөлмесі, инклюзив бөлмесі
Бөбекжай контингенті	200
Қызметкер саны	Педагог саны-27,кіші қызметкер саны-38
Кітапхана қоры	237
Аз қамтылған балалар саны	3
Инклюзивті оқытумен қамтылған бала саны	9
Балабақша төлемі	2-3 жас бір күнге 804 тенге, 3-5 жас бір күнге 907 тенге
Медициналық кабинет	бар, медикаменттермен жабдықталған
Қауіпсіздік шаралары	Дабыл түймесі орнатылған, бейнебақылау жүйесі бар. Бейнекамера саны:48, ішкі-39 , сыртқы - 9 (Оның ішінде: цифрлы бейнекамера саны 48:
Байланыс телефоны	8 (72932)50925
(E-mail)-почта	manashybobek@mail.ru

1.2 2025–2026 оқу жылындағы жұмыстың қорытынды талдауы
(Мектепке дейінгі ұйымның толық атауын жазасыз) бөбекжайының 2025-2026 оқу жылының педагогикалық ұжым жұмысын талдау

Материалдық-техникалық базасы
«Манашы» бөбекжайының материалдық-техникалық базасы педагогикалық талаптарына, қазіргі білім беру деңгейіне, санитарлық нормаларға сәйкес.
Бөбекжай жұмсақ және қатты құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Топтар жиһазбен, ойыншықтармен, оқу- әдістемелік құралдарымен жабдықталған.
Медициналық кабинет, кір жуатын, ас бөлмелері қажетті құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілген.
Барлық топтарда 1.Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі ісәрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу ісәрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

- Әдістемелік жұмыс жүйесінің тиімділігі: Әдістемелік жұмыс жүйесі педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталды. Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету жүйелі түрде ұйымдастырылды. Тәжірибе алмасу, семинар, кеңес және шеберлік сағаттары өткізілді. Педагогтердің заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану белсенділігі артты. Жеке кәсіби даму бағыттары бойынша қолдау көрсетілді. Оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Педагогтердің шығармашылық бастамалары қолдау тапты. Әдістемелік материалдар мен тәжірибелік жұмыстар қоры толықтырылды. Педагогтердің өзара тәжірибе алмасу мүмкіндігі кеңейді. Нәтижесінде педагогтердің кәсіби белсенділігі мен әдістемелік жұмыс сапасы артты.

- Инновациялық авторлық және эксперименттік жұмыстардың (мысалы, ЖИ, робототехника, ертегі терапиясы т.б) нәтижелері: Инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу жұмыстары жүргізілді. Жасанды интеллект құралдары педагогтердің күнделікті жұмысында тиімді қолданылды. Робототехника элементтері балалардың логикалық ойлауын дамытуға ықпал етті. Ертегі терапиясы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда қолданылды. Авторлық әдістемелік әзірлемелер мен дидактикалық материалдар дайындалды. Инновациялық әдістер балалардың оқу іс-әрекетіне қызығушылығын арттырды.

Балалардың зерттеушілік, шығармашылық және коммуникативтік дағдылары дамыды. Педагогтердің жаңа технологияларды қолдану тәжірибесі қалыптасты. Эксперименттік жұмыстардың тиімділігі бақылау және талдау арқылы бағаланды. Нәтижесінде инновациялық тәсілдерді қолдану педагогикалық үдерістің сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

4. Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс және сабақтастық

Ата-аналар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама қорытындысы (балабақша қызметіне қанағаттану деңгейі):

2025–2026 оқу жылында ата-аналармен кері байланыс орнату мақсатында сауалнамалар, жеке және топтық кездесулер жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде ата-аналардың басым бөлігі балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысына, педагогтердің кәсіби қарым-қатынасына, балаларға жасалған жағдайға және қауіпсіздік шараларына қанағаттанатыны анықталды. Ата-аналардың ұсыныстары ескеріліп, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізілді. Ата-аналармен WhatsApp/чаттар, жиналыстар, ашық есік күндері, мерекелік іс-шаралар және бірлескен шығармашылық жұмыстар арқылы тұрақты байланыс орнатылды. Нәтижесінде ата-ана мен педагог арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастық нығайды.

Мектеппен бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы (бірлескен педкеңестер, мектепке саяхаттар):

Мектепалды топ тәрбиеленушілерінің мектепке бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында мектеппен сабақтастық жұмыстары жүйелі жүргізілді. Бірлескен іс-шаралар, тәжірибе алмасу кездесулері, педагогтер арасындағы кеңестер ұйымдастырылды. Балалардың мектеп өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру мақсатында мектепке саяхаттар мен таныстыру жұмыстары өткізілді. Мектепалды топ педагогтері мен бастауыш сынып мұғалімдері арасында балалардың дайындық деңгейі, сөйлеу, танымдық және әлеуметтік дағдылары бойынша тәжірибе алмасу жүзеге асырылды. Жоспарланған жұмыстардың негізгі бөлігі орындалып, балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты нығайтуға мүмкіндік жасалды.

5. Әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындысы

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның (ойыншықтар, көрнекіліктер, IT-құралдар) жаңаруы:

2025–2026 оқу жылында топтардың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сәйкес ойыншықтар, дидактикалық материалдар, көрнекіліктер және шығармашылық құралдар толықтырылды. Нәтижесінде балалардың өздігінен таңдау жасауына, зерттеуіне, ойнауына және шығармашылықпен айналысуына қолайлы дамытушы орта қалыптасты.

Медициналық–әлеуметтік жағдайдың бағалануы:

Оқу жылында тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда болды. Балалардың денсаулық жағдайына мониторинг жүргізіліп, медициналық тексерулер мен профилактикалық шаралар ұйымдастырылды. Тамақтану сапасы мен күн тәртібінің сақталуына бақылау жасалды. Шынықтыру, таза ауада серуендеу, дене шынықтыру және қимылды ойындар жүйелі ұйымдастырылды. Балалардың қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне қажетті санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуы қадағаланды. Ата-аналарға бала денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтану, күн тәртібі және аурудың алдын алу бойынша кеңестер берілді. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға және қауіпсіз әлеуметтік жағдай қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылды.

	Тәрбие – білім процесін ұйымдастыруға арналған бөлме жайы	**Кабинетті жабдықтандыру**
	Музыка залы	толық
	Психолог бөлмесі	толық
	Денешынықтыру залы	толық
	Инклюзивті кабинет	толық

Мектепке дейінгі ұйымда санаты бар педагогтардың үлесі біліктіліктің қажетті деңгейіне сәйкес, сонымен қатар санатсыз педагогтар, жаңадан оқуға түскендер, еңбек өтілі жоқ жас мамандар бар.

Жас мамандармен көптеген әдістемелік жұмыс жүргізілді. Тәрбиешілер әрқашан өз білімдерін жетілдіріп, біліктілік көтеру курстарынан өтіп, аттестациядан өтуге ұмтылады. Өздерінің кәсіптік деңгейлерін тәжірибе алмасып, жаңа технологияларды, әдістемелік әдебиеттерді пайдаланып, бір-бірімен ақылдаса көтеріп отырады.

Оқу жылы	Педагогтар саны	Біліктілігін жетілдіру курстарының деңгейі		
		республикалық	облыстық	қалалық
2025-2026	25	0	23	

Педагогикалық кадрларды дұрыс орналастыру білім деңгейі мен еңбек өтілі бойынша қарастырылады. Педагогикалық кадрлардың сұрақтары педагогикалық кеңес пен өндірістік жиналыстарда қаралады.

Педагогтардың кәсіби құзіреттілік деңгейін көтеру мақсатында, педагогикалық ұжымның жұмысына ізденіс, жаңа мазмұн енгізе отырып, оқу-тәрбие үрдісін іске асыру көзделген болатын сол мақсатта педагогтармен көптеген жұмыстар жүргізілді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымының мақсаты мен міндеттері

1. «Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру.
2.Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.
3.Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру.
4.Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.
5. Ойын арқылы оқыту; - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту

2. Мектепке дейінгі ұйым балаларының мектепке дайындық деңгейі.

- Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша балалардың бастапқы, аралық және қорытынды мониторингінің салыстырмалы көрсеткіштері (жоғары, орташа, төмен деңгейлер):



Балалармен жүргізілген жұмыс.

2025-2026 жылы бөбекжайдың жылдық жоспарына сәйкес қойған мақсаттар мен міндеттерге жету үшін, барлық педагог мамандармен, ұжыммен жұмыс жасалды. Балалардың қажеттілігін қанағаттандыру, өмірі мен денсаулығын нығайту үшін жыл бойы қызықты мерекелік, спорттық іс- шаралар өткізіліп отырды.

Қыркүйек айының бірі күні Білім күніне орай барлық топтарда барлық топтарда «Балабақшам – мейірім мекенім» мерекелік ойын-сауық өткізілді. Ортаңғы, ересек және мектепалды топтарда «Тілім менің тірегім» мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды. Барлық топтарда «Бақытты отбасы – берекелі ел» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. II аптада ересек топтарда «Абай әндері» музыкалық кеші өтті. Ортаңғы топтарда тәжірибелік жұмыс – «Таза және лас судың айырмашылығы» жүргізілді. III аптада барлық топтарда қаржылық сауаттылыққа арналған сабақтар («Ақша не үшін қажет?», «Ақшаны кім табады?», «Ақша жинау сандықшасы») өтті. Ересек және мектепалды топтарда «Әуежайдағы мамандықтар» тақырыбында танымдық іс-шара өткізілді. «Әуенмен сергіту» атты қимылды-музыкалық ойын-сауық өтті. IV аптада ересек топтарда «Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері», мектепалды топтарда «Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері» тақырыптарында қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада ересек және мектепалды топ балаларымен қауіпсіздік іс-әрекеттері жүргізілді. Ересек топтарда «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері»: Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері» тақырыбында болса, мектепалды топтарда «Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері»: Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері» тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Қазан айының бірінші аптасында «1-қазан - Қарттар күніне» орай «Қарттарын қадірлеген ел – ардақты» ата-әжелерге арналған концерттік бағдарлама тәрбиеленушілер мен педагогтер арасында өткізілді. Қонаққа бөбекжайға келетін балалардың ата-әжелері шақыртылып, сый-құрмет жасалынды, дастархан жайылып, балалардың өнерлерін тамашалады. барлық жас топтарында оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілді. I аптада «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында ардагер ұстаздарға арналған мерекелік іс-шара өткізіліп, балаларға үлкенге құрмет, ізет көрсету туралы түсінік берілді. II аптада «Ұстаздарға мың алғыс» атты мерекелік кеш ұйымдастырылып, музыка мен би элементтері қамтылды. III аптада тәжірибелік жұмыс ретінде «Жер – өмір негізі» атты тәжірибе сабағы өткізілді. Балалар «Топырақтың құрамын зерттеу» тәжірибесін жасап, қорытынды шығарды. IV аптада «Елімнің ертеңі» ұлттық ойындар эстафетасы және «Отан – ортақ шаңырақ» мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды. Ойындар мен сайыстар балалардың қозғалыс белсенділігі мен сөздік қорын арттыруға, ұжымдық бірлікке тәрбиелеуге бағытталды. Сонымен қатар тәрбиешілер «ТЖ кезіндегі әрекеттер: мектепке дейінгі жас» тақырыбында қауіпсіздік сабағын өткізді. Мектепалды топ балалары «Жедел қызмет телефон нөмірлері мен қауіпсіз терезелер» ережелерімен таныстырылды.

Қараша айында барлық жас топтарында оқу-тәрбие процесі жоспарға сай және мазмұнды түрде жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, танымдық, шығармашылық,

экологиялық және адамгершілік бағыттағы іс-шаралар жүйелі түрде өткізілді.I аптада «Адал азамат» бағдарламасы аясында «Әжелер мектебі», «Өнер мектебі» және қолөнер сайысы ұйымдастырылды. Балалар мен ата-аналар бірге ұлттық бұйымдар жасап, үлкенге құрмет, адалдық пен еңбекқорлық туралы түсініктерін бекітті. II аптада қазақ балалар әдебиетінің классигі Сапарғали Бегалиннің шығармашылығына арналған көрме өтті. «Өлеңмен өрнектелген әлем» тақырыбындағы көрмеде балалар табиғатты өз көзімен бейнелеп, суреттерін және қолөнер бұйымдарын ұсынды. Бұл жұмыс балалардың эстетикалық талғамын, көркемдік ойлауын және отансүйгіштік сезімін дамытты. Сол аптада «Жануарлар әлемі» тақырыбында танымдық тәжірибелік сабақтар ұйымдастырылып, балалар жануарлардың жыл мезгілдеріне бейімделуін бақылап, олардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейтті. Әдіскер жетекшілігімен балалар жануарларға қамқорлық көрсету және табиғатты қорғау ережелерін үйренді. III аптада «Жолда жүру ережесі», «Қимыл-қозғалыс мәдениеті және қауіпсіздік кепілі», сондай-ақ «Гигиеналық әдеттер мен бактериялар әлемі» атты практикалық ойындар өткізілді. Балаларға өз денсаулығына ұқыптылықпен қарау, қауіпсіздік ережелерін сақтау, тазалық пен дене белсенділігінің маңызы түсіндірілді. Сол аптада тәрбиешілердің жетекшілігімен сауда ойындары («Сатып алу – сату», «Әдемі таңдау») ұйымдастырылып, балалардың қарым-қатынас мәдениеті мен тілдік белсенділігі дамытылды. IV аптада «Түр әлемі – қызықты саяхат» атты шығармашылық сабақ өтті. Балалар түстердің үйлесімін, табиғаттағы реңктердің әдемілігін бақылап, сурет салды. Аптаның соңында «Қауіпсіз серуен» және «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында қауіпсіздік апталығы өткізілді. Балалар қыс мезгіліндегі сақтық шараларын үйреніп, «Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік» атты интерактивті көрініске қатысты. Осы аталған шаралардың барлығы балалардың тілін, ойлауын, қимыл белсенділігін және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталып, педагогтер тарапынан жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы бірлік, ынтымақ, достық тақырыптары басты назарда болды. Оқу қызметтері, ойындар, экологиялық және спорттық іс-шаралар жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылды. I апта аптада «Дос болайық!» психологиялық достық сабағы өтті. «Адал азамат» – бірлік және ынтымақ айы аясында топтарда ұжымдық, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін ойындар өткізілді. II апта аптада «Құстарды қорғау күні» тәжірибе сабағы. Балалар құстарға жем дайындап, олардың табиғаттағы рөлі туралы білім алды. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік және қарапайым қаржы сауаттылығы бойынша «Қалау мен қажет» ұғымдары; күнделікті шығындарды жоспарлау; ақшаның түрлері, карта, монета туралы түсіндіру сабақтары өтті. «Банк – ақшаны сақтаушы мекеме» – балалар банк жұмысы және маман қызметімен танысты. III апта «Денсаулық мекені» – спорттық стадионға танымдық сапар. «Қыстың қызықты сәттері» спорттық мерекесі өткізілді. «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты тәрбие сағаты топтарда өткізілді. «Егер адасып қалсам, не істеу керек?» қауіпсіздік сабағы (ересек және мектепалды топтары). IV апта аптада«Қар патшалығының сыйы» атты Жаңа жылдық ертеңгіліктер барлық жас топтары үшін ұйымдастырылды. Ата-аналардың қатысуымен өткен бұл шарада балалар ән, би, өлеңдерін орындап, мерекелік көңіл күй қалыптасты.

Қаңтар айындағы оқу-тәрбие жұмыстары балалардың жас ерекшеліктеріне сай жоспарланып, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Ай барысында балалардың адамгершілік қасиеттерін, ұлттық құндылықтарды, қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған кіріктірілген іс-әрекеттер өткізілді. Ұлттық ойындар («Асық – асыл қазына»), құқықтық сауаттылыққа арналған іс-әрекеттер («Менің құқықтарым, менің міндеттерім»), «Әжелер мектебі» аясындағы ертегі айту сабақтары ұйымдастырылды. Қыс мезгіліне тән экологиялық бағыттағы жұмыстар жүргізіліп, «Қардағы ойындар», «Мұздың пайда болуы және еруі» тақырыбында тәжірибелер жасалды. Бұл жұмыстар балалардың зерттеушілік қабілеттерін, табиғатқа қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Балабақшадағы қауіпсіздік тақырыбы аясында төртінші аптада қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша «Қауіпсіз қала» тақырыбында ересек топтар үшін: «Үйдің мекен-жайы мен ата-аналардың телефон нөмірлерін үйрету» және мектепалды топтар үшін: «Қауіпсіз кіреберіс және лифт»тақырыбында балалармен қауіпсіздік ережелері ойын түрінде жүргізілді.

Ақпан айының бірінші аптасында Ақпан айында оқу-тәрбие жұмыстары «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүргізілді. Балалардың зерттеушілік, танымдық, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ай бойы түрлі кіріктірілген іс-әрекеттер жүйелі түрде ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Мен – зерттеушімін» жобасы аясында

балалар тәжірибе жасау, бақылау жүргізу, қорытынды шығару арқылы зерттеушілік дағдыларын жетілдірсе, «Шын жүректен кітап сыйла!» акциясы арқылы кітапқа деген қызығушылығы артып, оқуға деген жағымды көзқарасы қалыптасты. «Орман және оның тұрғындары» тақырыбындағы экологиялық тәжірибелер барысында балалар табиғаттағы тіршілік иелерінің өзара байланысын түсініп, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға үйренді. Сонымен қатар, «Аққала еліне саяхат» қысқы ойын-сауығы арқылы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі арттырылып, ұжыммен әрекет ету, бір-біріне қолдау көрсету дағдылары дамытылды. «Күй керуені» жас домбырашылар ансамблінің өнер көрсетуі балалардың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын оятып, эстетикалық талғамын қалыптастырды. Қаржылық сауаттылыққа арналған ойын жағдаяттары арқылы балалар «қалау» мен «қажет» ұғымдарын ажыратуды, ақшаны дұрыс жұмсау мен жинақтаудың маңызын түсінді. Кәсіптік бағдар беру бағыты бойынша «Теміржолшылар еңбегі» тақырыбында рөлдік және дидактикалық ойындар өткізіліп, әртүрлі мамандықтар туралы алғашқы түсініктері кеңейтілді. Сондай-ақ қауіпсіздікке бағытталған іс-әрекеттер барысында балалар күнделікті өмірде өзін-өзі қорғау, жануарлармен, көлікпен және қоғамдық ортада қауіпсіз қарым-қатынас жасау ережелерін меңгеріп, жауапкершілік пен сақтық дағдыларын қалыптастырды.

Наурыз айының бірінші аптасында оқу-тәрбие жұмыстары ұлттық құндылықтарды дәріптеу және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүйелі түрде ұйымдастырылды. Жоспарланған іс-шаралар балалардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, ұлттық мәдениетке деген құрметін арттыруға және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға бағытталды. Атап айтқанда, «Ізгіліктің бір ізі – алғыс» челленджі барысында тәрбиеленушілер, ата-аналар және педагогтер бір-біріне ризашылық білдіру мәдениетін қалыптастырып, мейірімділік пен сыйластық құндылықтарын насихаттады. «Құрақ көрпе» көрмесі арқылы балалар қазақ халқының қолөнеріне қызығушылық танытып, ұлттық ою-өрнектердің мағынасымен танысты, эстетикалық талғамдары дамыды. «Ұлттық ойын – ұрпақ қазынасы» атты спорттық мереке аясында қазақтың дәстүрлі қимылды ойындары ұйымдастырылып, балалардың дене белсенділігі артып, ұйымшылдық пен өзара қолдау дағдылары қалыптасты. 8 наурыз мерекесіне орай «Ана – өмірдің шуағы» атты мерекелік ертеңгілік өткізіліп, балалар аналарға, әжелерге деген сүйіспеншілігін ән, би, тақпақ арқылы білдірді. Сонымен қатар «Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз» мерекелік шарасында ұлттық салт-дәстүрлер сахналанып, балалар Наурыз мейрамының мәні мен тәрбиелік маңызын түсінді.Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Ауа – тіршілік тынысы» тақырыбында тәжірибелік жұмыс жүргізіліп, балалар қарапайым тәжірибелер арқылы ауаның бар екендігін дәлелдеп, оның тіршілік үшін маңызын ұғынды. Бұл іс-әрекет зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Қаржылық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында сюжетті-рөлдік ойындар ұйымдастырылып, балалар «қалау» мен «қажеттілік» ұғымдарын ажыратуды, қарапайым сатып алу-сату әрекеттерін орындауды, үнемдеу мен жинақтаудың маңызын түсінуді үйренді. Қауіпсіздік бағытында «Мен және бөгде ересек адам» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, балаларға сенімділік шеңбері, жеке қауіпсіздік ережелері, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау кезіндегі сақтық шаралары түсіндірілді. Нәтижесінде тәрбиеленушілердің қауіпсіз мінез-құлық дағдылары бекітілді. Жалпы алғанда, ай бойы өткізілген іс-шаралар балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, танымдық белсенділігін арттыруға, әлеуметтік тәжірибесін кеңейтуге және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға бағытталды.5.

Сәуір айының бірінші аптасында «Адал азамат» бұртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша барлық топтарда еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы ретінде ұйымдастырылды. Ай бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстары балалардың еңбекке деген қызығушылығын арттыруға, қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыруға және әртүрлі мамандықтар туралы түсініктерін кеңейтуге бағытталды. Осы мақсатта «Құстарға қамқор болайық» іс-шарасы аясында балалар құстарға ұя жасап, табиғатқа жанашырлық танытуға тәрбиеленді. «Кішкентай зерттеушілер» тақырыбындағы тәжірибелік жұмыстар барысында тәрбиеленушілер қарапайым тәжірибелер жүргізіп, қоршаған орта құбылыстарын бақылау арқылы зерттеушілік қабілеттерін дамытты. Сюжеттік-рөлдік ойындар («Сән салоны», «Емхана») арқылы балалар әртүрлі мамандық иелерінің қызметімен танысып, қарым-қатынас жасау, рөлге ену және әлеуметтік дағдыларын жетілдірді. Экологиялық тәрбие бағытында «Табиғатқа саяхат» іс-шарасы ұйымдастырылып, балалар табиғаттағы дыбыстарды ажырату, бақылау және сезіну арқылы қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттырды. Сонымен қатар «Жеңіске бірге!» атты спорттық ойын-сауық

шарасы өткізіліп, балалардың дене белсенділігі, ұйымшылдығы және салауатты өмір салтына деген қызығушылығы нығайтылды. Ай соңында «Достық мекені – Қазақстан» мерекелік ертеңгілігі ұйымдастырылып, балалардың Отанға деген сүйіспеншілігі, достық пен бірлік құндылықтары қалыптастырылды.

Мамыр айының бірінші аптасында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында бірлік және ынтымақ айы ретінде ұйымдастырылды. Ай бойы өткізілген іс-шаралар балалардың патриоттық сезімін қалыптастыруға, өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасты дамытуға, сондай-ақ ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталды. Осы бағытта «Достығымыз жарасқан» атты балалар сурет көрмесі ұйымдастырылып, тәрбиеленушілер өз шығармашылық жұмыстары арқылы достық, татулық және бірлік ұғымдарын бейнеледі. «Білімім – Отаныма» мерекелік ертеңгілігінде балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтып, Отанға деген сүйіспеншіліктерін білдірді. «Менің отбасым – бақыт мекенім» тақырыбында қабырға газеттері шығарылып, балалар отбасы құндылықтары туралы түсініктерін кеңейтті. Бұл жұмыс олардың ата-анаға деген құрметін арттыруға және отбасылық тәрбиенің маңызын түсінуге ықпал етті. Экологиялық тәрбие бағыты бойынша «Су – тіршілік көзі» тақырыбында тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, балалар су қасиеттерін зерттеп, суда тіршілік ететін ағзаларды бақылау арқылы табиғатқа деген жауапкершілік сезімдерін дамытты. Эксперименттік іс-әрекеттер балалардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті. Дене шынықтыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Жасыл бақша чемпиондары» атты спорттық шара ұйымдастырылып, балалардың дене белсенділігі, ептілігі және ұйымшылдығы арттырылды. Сонымен қатар «Ұландар сайысы: Ерлік пен батылдық жолында» патриоттық іс-шарасы өткізіліп, балаларға батырлық, ерлік және Отан қорғау ұғымдары түсіндірілді. Мектепалды топ тәрбиеленушілеріне арналған «Сау бол, балабақша!» мерекелік ертеңгілігі ұйымдастырылып, балалардың балабақшамен қоштасуы салтанатты түрде өтті. Бұл шара балалардың жаңа өмір кезеңіне өтуіне эмоционалдық дайындық қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар ай барысында қаржылық сауаттылық бойынша шығармашылық тапсырмалар орындалып, балалар ақша, қажеттілік пен қалау ұғымдарын түсінуге үйренді. Кәсіптік бағдар беру іс-әрекеттері арқылы әртүрлі мамандықтармен танысып, олардың маңызын ұғынды. Қауіпсіздік бағыты бойынша «Қауіпсіз үй» тақырыбында жұмыстар жүргізіліп, балаларға тұрмыстық қауіпсіздік ережелері, электр құралдарын дұрыс пайдалану, үйде жалғыз қалған жағдайда өзін-өзі ұстау дағдылары үйретілді. Жалпы алғанда, мамыр айында ұйымдастырылған білім беру процесі балалардың танымдық белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әлеуметтік және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталып, олардың мектепке дайындығын қамтамасыз етуге оң әсерін тигізді.

Педагогтардың кәсіби, теориялық, әдістемелік және іскерлік біліктілігін көтеру.

Мақсаты: Кәсіптік біліктілікті көтеру, шығармашылық белсенділігін дамыту, жаңа педагогикалық технологияны іздеу және енгізу, оқыту-тәрбиелеу үрдісін жоғары сатыға көтеру, жетілдіру.

Жылдық жоспар бойынша тәрбиешілер, педагогтар бір-бірімен тәжірибе алмасу мақсатымен педагогикалық байланыс орнатты. Жас педагогтар өз тәлімгерлерімен тығыз байланыста болып, күнделікті кіріктірілген іс-әрекеттерді ұйымдастыруда пікір алмасып отырды.

Педагогтердің жетістіктері

№	Педагогтың аты-жөні	Байқаудың тақырыбы	Жетісітгі	Аудан,бөбекжайішілік
1	Аймаганбетова Гулдана Жаңбырбайқызы	«Үміт»аудандық фестивалі вокалдық орындау	2 орын	аудан

2	Асабаева Гүлнұр Исламқызы	«Үміт»аудандық фестивалі би билеу орындау	1 орын	аудан
3	Жалгасова Тамара	«Менің елім менің бақытты балалық шағым»	1 орын	аудан
4	Жалгасова Тамароа	«Жауқазын» аудандық фестивалі «Эстардалық вокал» жанры	2 орын	аудан
5	Жалғасбаева Жанат	«Жауқазын» аудандық фестивалі «Хореография» жанры	3орын	аудан
6	Аймаганбетова Гулдана	«Мен зерттеушімін» **аудандық** байқауы	3 орын	аудан
7	Балманова Айнур	«Алақай жаз келді»	1 орын	аудан
8	Жұмабаева Нұржамал Жұмабаевна	«Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы»	«Жаңашыл педагог»	аудан
9	Байкубекова Гульстан Сакеновна	«Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала»	«Өнегелі отбасы» номинация	аудан
10	Самбаева Айкерим Туркменбаевна	«Ханталапай»	«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»ном	аудан
11	Айсултанова Рахима Дуйсенбековна	«Әжем, анам және мен»	3 орын	аудан
12	Туреханова Қамар Қонысбайқызы	Үздік тәрбиеші	Бас жүлде	аудан
13	Тенгизбаева Майра	Қазақшаң қалай балақай?	2 оын	аудан

Барлық педагогикалық кеңестер дәстүрлен тыс әдіс-тәсілдер арқылы ұйымдастырылды. Әдістемелік сағаттарда педагогтермен шеберлік сағаттар мен тренингтер өткізіліп отырды. Әр педагогикалық кеңеске педагогтер бөлініп, әр педагог өз тақырыптары бойынша шеберлік сағаттар және іс-тәжірибелерімен бөлісті. Соңғы педагогикалық кеңес екі бөлімге құрылды. Бірінші бөлімі бөбекжай ішінде қорытынды есептері бойынша қорытылып, тренинг ойындарымен бекітіліп өткізілді.

Педагогтар туралы мәлімет

Бөбекжайда оқу-тәрбие жұмысында 26 педагог қызмет етеді, барлығының педагогикалық білімдері бар, ҰІӘ өткізу әдістемесін біледі. Педагогикалық ұжымның құрамында келесі еңбек өтілі бар:

5 жылға дейін	5 жылдан астам	10 жылдан ам	15 жылдан ам	20 жылдан астам
0	7	12	2	4

Тәрбиешілер өздерінің кәсіби - шеберліктерін өздігінше білім алу, біліктілік жетілдіру курстары, семинарлар мен дөңгелек үстел жұмыстарына қатысу арқылы жетілдіреді.

Педагогтардың сапалық құрамы

Білімі бойынша:

Педагор саны	**жоғары**	**%**	**Мектепкейінгі ғары**	**%**	**Арнаулыға**	**%**	**Мектепкеінгі орта**	**%**
25	18	72	9	50	7	28	7	28

Біліктілік санаты бойынша:



Тұжырым: 2025–2026 оқу жылы барысында бөбекжайда тәрбиелеу мен оқыту жұмыстары заманауи талаптарға сай ұйымдастырылып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен цифрлық білім беру элементтерін енгізу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді. Жыл бойы педагогтер балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасап, олардың қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған жүйелі жұмыстар атқарды.

Оқу жылының ерекшелігі – ұлттық тәрбие мен жасанды интеллект элементтерін білім беру процесімен ұштастыру болды. Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, ашық оқу қызметтерінде және мерекелік іс-шараларда цифрлық құралдарды, интерактивті платформаларды және жасанды интеллект элементтерін тиімді пайдаланды. Бұл балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, заманауи технологияларға бейімделуіне оң ықпал етті.

Бөбекжайда ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ата-аналардың қолдауымен барлық тәрбиеленушілерге жеке көрпешелер мен ұлттық нақыштағы киімдер тігілді. Әр аптаның сәрсенбі күні «Ұлттық киім күні» болып белгіленіп, бұл күні барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілер ұлттық киім үлгісінде келуді дәстүрге айналдырды. Аталған жұмыстар балалардың ұлттық мәдениетке, салт-дәстүрге деген қызығушылығын арттырып, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына ықпал етті.

Жыл бойы дамытушы ортаға ерекше көңіл бөлінді. Барлық топтар бірнеше дамытушы орталықтарға бөлініп, бөбекжай әкімшілігі мен ата-аналардың бірлескен қолдауы арқылы қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Дамытушы орталықтар балалардың жас

ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылып, олардың өздігінен ізденуіне, зерттеуіне, шығармашылықпен жұмыс жасауына қолайлы жағдай туғызды.

Оқу жылы барысында жоспарланған барлық құжаттар уақытылы рәсімделіп, жоспарлы іс-шаралар толық көлемде өткізілді. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, семинарлар, шеберлік сағаттары, мерекелік ертеңгіліктер, спорттық жарыстар, ата-аналармен өткізілген ашық есік күндері жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар педагогтердің кәсіби шеберлігінің артуына және ата-аналармен серіктестік байланыстың нығаюына мүмкіндік берді.

Жүргізілген талдау нәтижесінде дамытушы ортаны жетілдіру, тиімді жұмыс түрлері мен әдістерін енгізу, балалардың қабілеттерін ашуға жағдай жасау және дамытушы орталықтарды толықтыру бағытындағы мақсаттардың басым бөлігі толық орындалды деп қорытынды жасауға болады.

1.2. 2026–2027 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер

2026–2027 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері

Мақсаттары:

Физикалық қасиеттерді дамыту:

Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтының қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық қимылды ойындар мен спорттық жаттығуларды күнделікті іс-әрекетке тиімді енгізу.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту:

Балалардың өз ойын еркін, түсінікті және байланыстырып жеткізу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту, қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға қызығушылығын арттыру.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:

Балалардың логикалық, сыни және креативті ойлау қабілеттерін дамыту, қарапайым математикалық түсініктерді жетілдіру, зерттеу және тәжірибе жасауға қызығушылығын қалыптастыру.

Шығармашылық және зерттеу дағдыларын дамыту:

Балалардың шығармашылық қиялын, эстетикалық талғамын, өнерге қызығушылығын және зерттеушілік белсенділігін дамыту.

Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамыту:

Қауіпсіз мінез-құлық, цифрлық қауіпсіздік, экологиялық мәдениет, қаржылық және құқықтық сауаттылықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- ✓ тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін нормативтік құжаттардың талаптарын сақтау;
- ✓ балаларда қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру;
- ✓ балалардың ауызекі сөйлеуінің барлық компоненттерінің жүйелі дамуын қамтамасыз ету (лексикалық, грамматикалық, байланыстырып сөйлеу);
- ✓ МДҰ тәрбиеленушілерін салауатты өмір салтына баулу;
- ✓ МДҰ педагогтерінің цифрлық құзыреттілігін дамыту;
- ✓ мектепте оқуға сапалы дайындықты қамтамасыз ету;
- ✓ «Адал азамат» бағдарламасын іске асыру;
- ✓ «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру аясында мектеп жасына дейінгі балаларда экологиялық мәдениетті арттыру;
- ✓ жауапты және заңға бағынатын тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған «Заң мен Тәртіп» қағидаттарын іске асыру
- ✓ балаларда құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;
- ✓ мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру (мерекелер, ертеңгіліктер, сауық-кештер);
- ✓ МДҰ-да буллингтің алдын алу және эмоционалды әл-ауқатты қалыптастыру;
- ✓ «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке баулу;
- ✓ академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бойынша жұмысты жетілдіру;

- ✓ Жасанды интеллект технологияларын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда жас ерекшелігіне сай, қауіпсіз және педагогтің бақылауымен қолдану, педагогтердің ЖИ құралдарын тиімді пайдалану құзыреттілігін арттыру.
- ✓ ЖИ көмегімен интерактивті тапсырмалар, көрнекіліктер, ертегілер, ойындар мен шығармашылық материалдар әзірлеу арқылы балалардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттыру.
- ✓ Құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтардың қызметін жетілдіру.

1.4. Бір жылға арналған негізгі іс-шаралар жоспары

Айы	**Негізгі іс-шара**
Қыркүйек	Жаңа оқу жылын ұйымдастыру; педагогикалық кеңес; тәрбиеленушілердің бастапқы мониторингі
Қазан	Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған әдістемелік іс-шара; ата-аналармен бірлескен жұмыс
Қараша	Тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын зерделеу; ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер
Желтоқсан	І жартыжылдық жұмыстарына аралық талдау; педагогтермен әдістемелік жұмыс
Қаңтар	І жартыжылдық қорытындысы; аралық даму мониторингі; жұмыс жоспарына қажетті түзетулер енгізу
Ақпан	Педагогтердің тәжірибе алмасуы; семинар-практикум
Наурыз	Отбасымен және әлеуметтік серіктестермен бірлескен іс-шаралар
Сәуір	Мектепке даярлық пен бастауыш білім беру сабақтастығы бойынша жұмыстар; қорытынды мониторингке дайындық
Мамыр	Оқу жылының қорытынды мониторингі; жылдық жоспардың орындалуын талдау; жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық

1.5. Нормативтік-құқықтық құжаттармен жұмыс және олардың орындалуын қамтамасыз ету

Мақсаты: Балабақша қызметкерлерінің,педагогтардың өзара қарым-қатынасы барысында құқықтық мәдениетін арттыру.

№	**Іс-шаралар**	**Мақсаты**	**Мерзімі**	**Жауаптылар**
1	**ҚР Конституциясымен таныстыру**	Педагогтерге Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы түсінік беру, конституциялық құндылықтар мен азаматтық жауапкершілікті түсіндіру	Қыркүйек	директор, әдіскер
2	**«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңымен таныстыру**	Педагогтердің құқықтары, міндеттері мен кәсіби мәртебесі туралы білімдерін жетілдіру	Желтоқсан	директор, әдіскер
3	**ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауымен таныстыру**	Жолдауда белгіленген негізгі бағыттар мен білім беру саласына қатысты міндеттермен таныстыру	қаңтар	директор, әдіскер
4	**ҚР білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру**	Педагогтердің қолданыстағы нормативтік талаптар туралы білімдерін толықтыру және құжаттарды жұмыс барысында дұрыс қолдануын қамтамасыз ету	Жыл бойы	директор, әдіскер

II. Кадрлармен жұмыс

2.1. Педагогикалық кеңестер

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	**Тақырыбы:** **«2026–2027 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа бағыттары: сапа, инновация және баланың әл-ауқаты»** **Мақсаты:** Жаңа оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың басым бағыттарын айқындау, тәрбие-білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыру, педагогтердің кәсіби белсенділігін арттыру және заманауи технологияларды тиімді қолдануға бағыт беру. **Күн тәртібі:** 1.2026–2027 оқу жылындағы білім беру саласындағы жаңа бағыттар мен басым міндеттер. Меңгеруші: 2.2025–2026 оқу жылының қорытындысы және жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер. Меңгеруші: 3. 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық мақсаттар мен міндеттерді талқылау және бекіту. Әдіскер: 4.Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру құжаттарын қарау және бекіту. Әдіскер: 5. «Жасанды интеллект – педагогтің заманауи көмекшісі» Тәрбиеші: 6.Педагогикалық тренинг: «Жаңа оқу жылы – жаңа мүмкіндік» Педагог-психолог: 7. Әр түрлі мәселелер	тамыз	директор, әдіскер, педагогтер
II	**№2 педагогикалық кеңес** **Тақырыбы:** **«Баланың танымдық және шығармашылық әлеуетін дамытудағы инновациялық педагогикалық технологиялар»** **Мақсаты:** Балалардың зерттеушілік, логикалық, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуда заманауи технологияларды тиімді қолдану тәжірибесін жетілдіру. **Күн тәртібі:** 1.№1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы. 2.«Жасанды интеллект мүмкіндіктерін мектепке дейінгі ұйым жағдайында тиімді пайдалану» Әдіскер: 3.«STEAM элементтері арқылы баланың зерттеушілік қабілетін дамыту» Тәрбиеші: 4.«Робототехника және құрастыру ойындары –	қараша	директор, әдіскер, шығармашылық топ мүшелері, тәрбиешілер

	баланың логикалық ойлауын дамыту құралы» Тәрбиеші: 5.«Ойын арқылы креативті және сыни ойлауды дамыту» Тәрбиеші: 6. Практикалық бөлім: «Бір идея – бір цифрлық өнім» Педагогтердің ЖИ көмегімен дидактикалық ойын, көрнекілік, ертегі немесе танымдық тапсырма әзірлеуі. 7. Тәжірибе алмасу: «Мен қолданған тиімді әдіс» педагогикалық идеялар алаңы.		
III	**Тақырыбы:** **«Бала – отбасы – балабақша: әлеуметтік-эмоционалдық даму және сабақтастық»** **Мақсаты:** Балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту, ата-анамен тиімді серіктестік орнату және балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты нығайту. **Күн тәртібі:** 1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы. 2. «Баланың эмоционалдық әл-ауқатын қолдау: педагогтің рөлі» Педагог-психолог: 3. «Отбасымен серіктестік орнатудың заманауи формалары» Тәрбиеші: 4. Ата-аналармен жүргізілетін үздік тәжірибелер жиынтығы. Трәбиешілер: Тәрбиеші: 5. «Мектепалды баланың мектепке психологиялық және әлеуметтік дайындығы» Педагог-психолог / мектепалды топ тәрбиешісі. 6.Тренинг: «Баланы түсіну – оны қолдаудан басталады» 7.Практикалық жұмыс: Педагогтердің ата-анамен қиын жағдайларды шешу бойынша жағдаяттық тапсырмаларды орындауы.	ақпан	директор, әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер
IV	**Тақырыбы:** **«Денсаулық, қауіпсіздік және экологиялық мәдениет – баланың өмірлік құзыреттілігінің негізі» Мақсаты:** Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және табиғатқа жауапкершілікпен қарау мәдениетін дамытуда тиімді педагогикалық әдістерді тәжірибеге енгізу. **Күн тәртібі:** 1.№3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы. 2.«Балалардың денсаулығын нығайтудағы шынықтыру және қимылды ойындардың тиімділігі»	наурыз	директор, әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, логопед, тәрбиешілер

	Дене шынықтыру нұсқаушысы: 3.«Цифрлық дәуірдегі баланың қауіпсіздігін қалай сақтаймыз?» Тәрбиеші: 4.«Балалардың тілдік дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары» Логопед: 5.«Жасыл балабақша» жобасының нәтижелері және экологиялық мәдениетті қалыптастыру тәжірибесі. Тәрбиеші: 6.«Табиғатты зерттеу арқылы баланың танымдық белсенділігін арттыру» Тәрбиеші: 7.«Баланың сахна мәдениетін қалыптастыруға арналған жаттығулар» Музыка жетекшісі: 8.Практикалық бөлім: «Қауіпсіз балабақша» – төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер бойынша педагогтердің практикалық жаттығуы.		
V	**Тақырыбы:** **«Жетістікке жетелеген тәжірибе: 2026–2027 оқу жылының қорытындысы»** **Өткізу түрі:** **Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі / қорытынды педагогикалық кеңес** **Мақсаты:** 2026–2027 оқу жылында атқарылған тәрбие-білім беру жұмыстарының нәтижесін саралау, педагогтердің кәсіби және шығармашылық жетістіктерін бағалау, тиімді тәжірибелерді анықтау және келесі оқу жылына міндеттер белгілеу. **Күн тәртібі:** 1.№4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы. 2.2026–2027 оқу жылының тәрбие-білім беру жұмысының қорытынды есебі. Әдіскер: 3.Балалардың даму көрсеткіштерінің қорытынды мониторингі. Танымдық, коммуникативтік, физикалық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық даму нәтижелерін талдау. 4.«Жылдың үздік педагогикалық идеялары» Педагогтердің авторлық әзірлемелері, инновациялық жобалары және тиімді тәжірибелерінің таныстырылымы. 5.«ЖИ және инновациялық технологияларды қолданудың нәтижелері» Жыл бойы енгізілген ЖИ, STEAM, робототехника және цифрлық құралдардың тиімділігін талдау. 6.Педагогтердің жылдық шығармашылық және әдістемелік жұмыстарының есебі. 7.Ата-аналармен жүргізілген жұмыстың	мамыр	директор, әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер

	қорытындысы: ата-аналардың қанағаттану деңгейі, бірлескен жобалар, «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жұмыстары. 8. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық: жазғы сауықтыру жоспарын талқылау және бекіту. 9.2027–2028 оқу жылына арналған негізгі мәселелер мен ұсыныстарды айқындау. 10.Қорытынды тренинг: «Біз бірге өсеміз: нәтиже, тәжірибе, жаңа мақсат»		

2.2. Өндірістік кеңестер

№	Тақырыбы мен күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауапты мамандар
1	**«Жаңа оқу жылын қауіпсіз және сапалы ұйымдастыру»**. 1. 2026–2027 оқу жылындағы ұйым қызметінің негізгі міндеттері; 2. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік талаптарын сақтау; 3. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы және күн тәртібінің орындалуы; 4. Санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау; 5. Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және ішкі еңбек тәртібі.	**Қыркүйек**	директор; әдіскер; медицина қызметкері; шаруашылық меңгерушісі
2	**«І жартыжылдықтағы жұмыстың қорытындысы және қысқы кезеңдегі қауіпсіздік»**. 1. І жартыжылдықтағы атқарылған жұмыстардың қорытындысы; 2. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары; 3. Қысқы кезеңдегі санитариялық-гигиеналық және қауіпсіздік талаптары; 4. Балалардың тамақтануын ұйымдастыру сапасы; 5. Қысқы мерекелік іс-шараларды қауіпсіз өткізу.	**Желтоқсан**	директор; әдіскер; медицина қызметкері; шаруашылық меңгерушісі; тәрбиешілер
3	**«Тәрбиеленушілердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ұжымның міндеттері»**. 1. Балалардың денсаулығын сақтау және аурушаңдықтың алдын алу; 2. Көктемгі кезеңдегі қауіпсіздік шаралары; 3. Серуен кезіндегі қауіпсіздік талаптары; 4. Өрт және төтенше жағдайлардың алдын алу; 5. «Қауіпсіздік мектебі» бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар.	**Наурыз**	директор; әдіскер; медицина қызметкері; дене шынықтыру нұсқаушысы; тәрбиешілер
4	**«Оқу жылын қорытындылау және жазғы кезеңге дайындық»**. 1. 2026–2027 оқу жылындағы өндірістік жұмыстардың қорытындысы; 2. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық; 3. Ғимарат пен аумақтың	**Мамыр**	директор; әдіскер; медицина қызметкері; шаруашылық меңгерушісі; дене

	қауіпсіздігін қамтамасыз ету; 4. Санитариялық талаптарды сақтау және жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру; 5. Қызметкерлердің жазғы кезеңдегі еңбек қауіпсіздігі және міндеттері.		шынықтыру нұсқаушысы

2.3. Меңгеруші жанындағы кеңестер

№	Тақырыбы мен күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауапты мамандар
1	«Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалардың құқықтарын қорғау және кәмелетке толмағандарға қатыгездік көрсету жағдайларының алдын алу»	Қыркүйек	әкімшілік өкілдері
2	«Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы және қысқы кезеңдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету»	Желтоқсан	директор, әдіскер, әкімшілік өкілдері.
3	«Білім беру процесінің сапасы және тәрбиеленушілердің даму нәтижелерін бақылау»	ақпан	директор, әдіскер, тәрбиешілер
4	«Оқу жылының аяқталуына дайындық және жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру»	сәуір	директор, әдіскер, тәрбиешілер,

2.4. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жоспары

№	Іс-шаралар	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	«Ұстаз» платформасында аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту және жұмыс жоспарын қарастыру	Аттестаттау жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру	Қыркүйек	директор, комиссия төрағасы
2	Педагогтерді аттестаттаудан өткізу тәртібімен және талаптарымен таныстыру	Педагогтердің аттестаттау талаптары туралы түсінігін қалыптастыру	Қыркүйек	Комиссия төрағасы, әдіскер
3	Аттестаттаудан өтетін педагогтердің құжаттарын «Ұстаз» платформасына енгізу.	Құжаттардың толықтығы мен талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету	Қыркүйек–қазан	Аттестаттау комиссиясы
4	Педагогтердің кәсіби қызмет нәтижелерін, жетістіктерін және әдістемелік жұмыстары бойынша деректерді енгізу	Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен жұмыс нәтижесін бағалау	Қазан–ақпан	Аттестаттау комиссиясы
5	Педагогтердің оқу-тәрбие қызметіне қатысу, ұйымдастырылған іс-әрекеттерін бақылау	Педагогтің кәсіби шеберлігін және заманауи әдістерді қолдануын анықтау	Қараша–наурыз	Комиссия мүшелері, әдіскер
6	Педагогтердің портфолиосын, авторлық әзірлемелерін және инновациялық тәжірибесін талдау	Педагогтің шығармашылық және кәсіби жетістіктерін анықтау	Қаңтар–наурыз	Аттестаттау комиссиясы
7	Аттестаттау комиссиясының отырыстарын өткізу,	Аттестаттау рәсімінің ашықтығы мен	Жыл бойы	Комиссия төрағасы,

	педагогтердің аттестаттау материалдарын қарау	объективтілігін қамтамасыз ету		комиссия мүшелері
8	«Ұстаз» платформасында аттестаттау қорытындыларын шығару және тиісті құжаттарды рәсімдеу	Аттестаттау нәтижелерін қорытындылау	Сәуір–мамыр	Аттестаттау комиссиясы
9	Аттестаттаудан өткен педагогтердің кәсіби өсу нәтижелерін талдау	Кәсіби даму бағыттарын айқындау және тиімді тәжірибені тарату	Мамыр	директор, әдіскер, комиссия төрағасы

2.5. Педагог-психологтың жұмыс жоспары

№	Ұйымдастыру жұмысының бағыттары	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Балабақшаға қуана келемін!» – балалардың балабақшаға бейімделуіне және жағымды қарым-қатынас орнатуына арналған тренинг	Қыркүйек	Кіші топтар
2	«"Менің отбасым " шығармашылық жұмыс» – балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін кеңейтіп, отбасына деген сүйіспеншілігі мен құрметін шығармашылық әрекет арқылы қалыптастыру.	Қазан	Ересек топтар
3	«Менің эмоцияларым» – сезімдерді тану, ажырату және дұрыс білдіруге үйрету	Қараша	Ортаңғы топтар
4	«Тоқта! Бұл дұрыс емес» – жағымсыз әрекетке дұрыс жауап беруді үйрену, балалар арасындағы буллингтің алдын алу	Желтоқсан	Ересек топтар
5	«Жақсылық жаса,жүрекке жылу сыйла» – мейірімділік, қамқорлық және жағымды мінез-құлық дағдыларын дамыту	Қаңтар	Ересек топтар
6	«ЖИ досымызға көмектесеміз» – ЖИ туралы қарапайым түсінік және оның адамды ренжітуге емес, пайдалы іске қолданылатынын талқылау	Ақпан	Ересек топтар
7	«Арт терапиялық ойындар» – балалардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және өз сезімдерін еркін білдіру дағдыларын қалыптастыру.	Наурыз	Ортаңғы топтар
8	"Мейірімді жүрек" ойындары - балаларды мейірімділікке, қамқорлыққа, достыққа және бір-біріне қолдау көрсетуге тәрбиелеу арқылы жағымды қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.	Сәуір	Кіші топтар

2.6. Медицина қызметкерінің жұмыс жоспары
Мақсаты:
Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, санитариялық-гигиеналық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету, дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

1. Ұйымдастырушылық іс-шаралар		
№	**Іс-шаралар**	**Мерзімі**

1	Балаларды таңертең қабылдау кезінде денсаулық жағдайын бақылау	Күнделікті
2	Жаңадан қабылданған балалардың медициналық құжаттарын тексеру және қажетті құжаттаманы рәсімдеу	Баланың қабылдануына қарай
3	Әр топтағы тәрбиеленушілердің медициналық құжаттарын ретке келтіру және тізімдерін нақтылау	Қыркүйек
4	Балалардың денсаулық жағдайы туралы мәліметтерді жүйелі жаңарту	Жыл бойы
5	Балалардың ауруына байланысты келмеу жағдайларын есепке алу және талдау	Ай сайын
6	Сырқаттанған балаларды уақтылы анықтау және қажет болған жағдайда оқшаулау	Тұрақты
7	Балалардың дене дамуын бағалау және денсаулық топтарын нақтылау	Жылына 2 рет
8	Антропометриялық өлшемдер жүргізу	Қыркүйек, наурыз
9	Медициналық құжаттардың дұрыс және уақтылы жүргізілуін бақылау	Тұрақты
10	Қызметкерлердің медициналық тексеруден уақытылы өтуін бақылау	Кестеге сәйкес
11	Балалар мен қызметкерлердің санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтауын бақылау	Тұрақты
12	Жарақаттанудың алдын алу мақсатында топтар мен ойын алаңдарының қауіпсіздігін бақылауға қатысу	Тұрақты
2. Санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар		
№	**Іс-шаралар**	**Мерзімі**
1	Топтардағы санитариялық-гигиеналық жағдайды бақылау	Күнделікті
2	Үй-жайларды желдету режимінің сақталуын бақылау	Тұрақты
3	Топтардағы температуралық және ылғалдылық режимін бақылау	Тұрақты
4	Ағымдық және күрделі тазалау сапасын бақылау	Апталық/айлық
5	Дезинфекциялау режимінің сақталуын бақылау	Тұрақты
6	Балалардың жеке гигиеналық дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын бақылау	Тұрақты
7	Сырқаттанған балаларды уақытылы анықтау және оқшаулау	Қажетіне қарай
8	Маусымдық жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын ұйымдастыру	Күз-қыс, қыс-көктем
9	ЖРВИ және тұмаудың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Қараша–ақпан
10	Қол жуу, жеке сүлгі, жеке заттарды пайдалану талаптарының орындалуын бақылау	Тұрақты
11	Эпидемиологиялық жағдайға байланысты профилактикалық шараларды ұйымдастыру	Қажетіне қарай
12	Санитариялық бюллетеньдер мен ақпараттық материалдар әзірлеу	Тоқсанына 1 рет
3. Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыруды бақылау		
№	**Іс-шаралар**	**Мерзімі**
1	Балалардың тамақтану сапасын күнделікті бақылау	Күнделікті
2	Дайын тағамға бракераж жүргізуге қатысу	Күнделікті
3	Дайын тағамның температурасы мен сапасын бақылау	Күнделікті
4	Балаларға тағамның жас ерекшелігіне сәйкес берілуін бақылау	Тұрақты
5	Тағам мөлшері мен порция көлемінің сақталуын бақылау	Күнделікті
6	Тәуліктік сынамалардың алынуы мен сақталуын бақылау	Күнделікті
7	Ас блогының санитариялық жағдайын бақылау	Тұрақты

8	Азық-түліктің сақталу мерзімі мен сақтау жағдайын бақылау	Тұрақты
9	Балалардың дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру	Жыл бойы
10	Маусымдық мәзірдің орындалуын бақылау	Маусымына қарай
11	Дәрумендер мен пайдалы тағамдардың маңызын түсіндіру	Жыл бойы
12	Тамақтануға байланысты ата-аналарға кеңес беру	Жыл бойы
4. Дене тәрбиесі және сауықтыру шараларын медициналық бақылау		
№	**Іс-шаралар**	**Мерзімі**
1	Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің қауіпсіз өткізілуін бақылау	Айына 1 рет
2	Балалардың дене шынықтыру топтарын анықтау	Жыл басында
3	Балалардың дене дайындығы мен дене дамуын бақылау	Тұрақты
4	Таңғы гимнастиканың ұйымдастырылуын бақылау	Тұрақты
5	Серуендегі қимылды ойындар мен дене белсенділігін бақылау	Тұрақты
6	Шынықтыру шараларының дұрыс ұйымдастырылуын бақылау	Тұрақты
7	Тыныс алу жаттығуларының жүргізілуіне әдістемелік қолдау көрсету	Жыл бойы
8	Дене шынықтыру және спорттық іс-шаралар кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау	Іс-шара барысында
9	Денсаулық апталықтарын өткізуге медициналық сүйемелдеу	Қыркүйек, қаңтар, сәуір
10	Балалардың шамадан тыс физикалық жүктемесінің алдын алу	Тұрақты
5. Емдеу-сауықтыру және профилактикалық жұмыстар		
№	**Іс-шаралар**	**Мерзімі**
1	Жиі ауыратын балаларды есепке алу	Тұрақты
2	Жиі ауыратын балалардың денсаулық жағдайын бақылау	Тұрақты
3	Жеке сауықтыру шараларын ұйымдастыру	Қажетіне қарай
4	Тыныс алу гимнастикасын ұйымдастыру	Тұрақты
5	Ауа ванналарын ұйымдастыруға бақылау жасау	Тұрақты
6	Маусымға сәйкес шынықтыру шараларын бақылау	Тұрақты
7	Жалпақтабандылық пен дене қалпының бұзылуының алдын алу шараларын бақылау	Жыл бойы
8	Балалардың денсаулығын нығайту бойынша сауықтыру шараларын ұйымдастыру	Жыл бойы
9	Балалардың жылдық сауықтыру нәтижелеріне талдау жүргізу	Мамыр
10	Жазғы сауықтыру кезеңіне медициналық ұсыныстар әзірлеу	Мамыр
6. Тәрбиешілермен жұмыс		
№	**Тақырыбы**	**Мерзімі**
1	«Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңіндегі денсаулықты сақтау»	Қыркүйек
2	«Балалардың таңертеңгі қабылдауындағы медициналық бақылау»	Қыркүйек
3	«ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу»	Қазан
4	«Балалардың дұрыс тамақтануын қалыптастыру»	Қараша
5	«Қыс мезгіліндегі балалар қауіпсіздігі және жарақаттанудың алдын алу»	Желтоқсан
6	«Балалардың жеке бас гигиеналық дағдыларын қалыптастыру»	Қаңтар
7	«Дене белсенділігі мен эмоционалдық әл-ауқат»	Ақпан
8	«Көру қабілетін сақтаудың қарапайым ережелері»	Наурыз
9	«Көктемгі кезеңдегі жұқпалы аурулардың алдын алу»	Сәуір
10	«Жазғы сауықтыру кезеңіндегі балалардың қауіпсіздігі»	Мамыр
7. Тәрбиеші көмекшілерімен жұмыс		
№	**Тақырыбы**	**Мерзімі**
1	Санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау	Қыркүйек

2	Топ бөлмелерін желдету және температуралық режим	Қазан
3	Жинау мүкәммалын дұрыс пайдалану және сақтау	Қараша
4	Ыдыстарды жуу және зарарсыздандыру талаптары	Желтоқсан
5	Балалардың жеке гигиенасын ұйымдастыру	Қаңтар
6	Санитариялық талаптарды сақтау және ағымдық тазалау	Ақпан
7	Дезинфекциялық құралдарды қауіпсіз пайдалану	Наурыз
8	Көктемгі кезеңдегі санитариялық тазалық	Сәуір
9	Аумақты тазалау және жазғы кезеңге дайындау	Мамыр
8. Тағамхана қызметкерлерімен жұмыс		
№	**Тақырыбы**	**Мерзімі**
1	Ас блогындағы санитариялық-гигиеналық талаптар	Қыркүйек
2	Азық-түлікті сақтау және тауарлық көршілестік	Қазан
3	Дайын тағамның сапасы және бракераж талаптары	Қараша
4	Тағам дайындау технологиясын сақтау	Желтоқсан
5	Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес тамақтануын ұйымдастыру	Қаңтар
6	Ас блогында жеке гигиена талаптарын сақтау	Ақпан
7	Көкөністер мен азық-түліктерді санитариялық өңдеу	Наурыз
8	Көктемгі мәзірдің орындалуын бақылау	Сәуір
9	Жазғы мәзір және балаларды сауықтыру кезеңіндегі тамақтану	Мамыр
9. Ата-аналармен жұмыс		
№	**Тақырыбы**	**Мерзімі**
1	«Баланың балабақшаға бейімделуі және денсаулығын сақтау»	Қыркүйек
2	«Күн тәртібі – бала денсаулығының негізі»	Қазан
3	«ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу»	Қараша
4	«Қыс мезгілінде баланы дұрыс киіндіру»	Желтоқсан
5	«Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі»	Қаңтар
6	«Баланың қимыл белсенділігі және дене дамуы»	Ақпан
7	«Баланың эмоционалдық әл-ауқатын қолдау»	Наурыз
8	«Көктемгі кезеңдегі қауіпсіздік және жұқпалы аурулардың алдын алу»	Сәуір
9	«Жазғы кезеңдегі бала денсаулығы мен қауіпсіздігі»	Мамыр
10. 2026–2027 оқу жылына енгізуге болатын жаңа валеологиялық бағыттар		
№	**Іс-шара**	**Мерзімі**
1	«Денсаулық формуласын іздеу» валеологиялық квесті	Қыркүйек
2	«Тазалық патшалығын құтқару» иммерсивті ертегісі	Қазан
3	«Дәрумендер аптасы» челленджі	Қараша
4	«Кішкентай профессор» балалар зертханасы	Желтоқсан
5	«Қанттың құпиясы» зерттеу ойыны	Қаңтар
6	«Тұқымнан дастарханға дейін» экологиялық жобасы	Ақпан
7	«Белсенді бала» фитнес-марафоны	Наурыз
8	«Денсаулық тілшілері» мультимедиялық жобасы	Сәуір
9	«Healthy-Fest» отбасылық денсаулық фестивалі	Мамыр

2.7. Құқықтық жалпы оқыту және нормативтік-құқықтық сауаттылық

№	Тақырыбы және қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауапты
1	«2026–2027 оқу жылындағы нормативтік-құқықтық талаптар» – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы негізгі нормативтік құжаттармен танысу; жаңа оқу жылындағы өзгерістер мен талаптарды қарастыру	Қыркүйек	директор, әдіскер
2	«Педагогтің құқықтары мен міндеттері» – педагогтің кәсіби қызметіндегі құқықтары,	Қазан	директор, әдіскер

	міндеттері және жауапкершілігі; еңбек тәртібін сақтау		
3	«Баланың құқықтары және оларды қорғау» – тәрбиеленушілердің құқықтарын сақтау; баланың қадір-қасиетін құрметтеу; кемсітушілік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу	Қараша	директор, педагог-психолог
4	«Еңбек қатынастары және қызметтік жауапкершілік» – еңбек шарты, жұмыс уақыты, демалыс, еңбек тәртібі және қызметкердің жауапкершілігі	Желтоқсан	директор
5	«Құжаттаманы дұрыс жүргізу – құқықтық талап» – педагогикалық және медициналық құжаттарды уақытылы әрі дұрыс рәсімдеу; құжаттардың сақталуына жауапкершілік	Қаңтар	Әдіскер, медицина қызметкері
6	«Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша жауапкершілік» – қауіпсіздік талаптарын сақтау; жазатайым жағдайлардың алдын алу; төтенше жағдай кезіндегі қызметкерлердің әрекеті	Ақпан	директор, әдіскер, медицина қызметкері
7	«Ата-аналармен құқықтық сауатты қарым-қатынас» – ата-аналардың құқықтары мен міндеттері; балабақша мен отбасы арасындағы өзара жауапкершілік; даулы жағдайларды мәдениетті шешу	Наурыз	директор, әдіскер, педагог-психолог
8	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениет» – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; қызметтік әдеп; мүдделер қақтығысына жол бермеу	Сәуір	директор, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс өкілі
9	«Оқу жылы қорытындысы: нормативтік талаптардың орындалуы» – жыл бойы құқықтық талаптардың орындалуын талдау; анықталған мәселелер бойынша қорытынды жасау; келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу	Мамыр	директор, әдіскер

2.8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс жұмысы

№	Тақырыбы және қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауапты
1	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптармен танысу» – ұйым қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсіндіру; қызметтік міндеттерді адал және заң талаптарына сәйкес орындау	Қыркүйек	директор, комплаенс қызметіне жауапты тұлға
2	«Адалдық пен әділдік – қызметтік мәдениеттің негізі» – қызметкерлердің адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын сақтауын түсіндіру	Қазан	директор, комплаенс қызметіне жауапты тұлға
3	«Сыйлықтар мен қызметтік әдеп» – қызметтік міндеттерді орындау кезінде сыйлықтар мен заңсыз ұсыныстарды қабылдауға жол бермеу; мүдделер қақтығысының алдын алу	Қараша	Комплаенс қызметіне жауапты тұлға
4	«Мүдделер қақтығысын болдырмау» – мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және туындаған жағдайда тиісті тәртіппен хабарлау мәселелері	Желтоқсан	директор, комплаенс қызметіне жауапты тұлға

5	«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу» – ұйым қызметіндегі ықтимал тәуекелдерді анықтау, бағалау және олардың алдын алу шараларын қарастыру	Қаңтар	директор, комплаенс қызметіне жауапты тұлға
6	«Қызметтік әдеп және ашықтық» – қызметкерлердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын, ашық әрі әділ жұмыс жүргізу қағидаттарын қалыптастыру	Ақпан	директор, комплаенс қызметіне жауапты тұлға
7	«Сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу және хабарлау тәртібі» – заңсыз әрекеттерге жол бермеу, күмәнді жағдайлар туындаған кезде белгіленген тәртіппен хабарлау жолдарын түсіндіру	Наурыз	Комплаенс қызметіне жауапты тұлға
8	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – ортақ жауапкершілік» – қызметкерлердің құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылығын арттыру, адал еңбек қағидаттарын нығайту	Сәуір	директор, комплаенс қызметіне жауапты тұлға
9	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстардың жылдық қорытындысы» – жыл бойы жүргізілген жұмыстарды талдау, анықталған тәуекелдер мен мәселелерді қарастыру, келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу	Мамыр	директор, комплаенс қызметіне жауапты тұлға

III. Әдістемелік жұмыс

3.1. Әдістемелік кеңес

Әдістемелік кеңестің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби тәжірибесін жетілдіру, балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып тәрбие-білім беру үдерісінің сапасын арттыру, тиімді педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату.

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	**№2 отырыс. «Зерттеуші бала: танымдық белсенділікті дамыту ортасын ұйымдастыру»** **Мақсаты:** Балалардың сұрақ қою, бақылау, тәжірибе жасау, салыстыру және қорытынды шығару дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық ортаны жетілдіру. 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. Балалардың зерттеушілік белсенділігін арттыратын әдіс-тәсілдер. 3. STEAM элементтерін күнделікті іс-әрекетке кіріктіру. 4. Қарапайым тәжірибелер мен зерттеу тапсырмаларын ұйымдастыру. 5. Педагогтердің тәжірибелік жұмыстары мен авторлық идеяларын таныстыру. 6. Ағымдағы мәселелер.	**Қараша**	Әдіскер, тәрбиешілер
2	**№3 отырыс. «Ұлттық құндылық – тәрбие негізі: дәстүрден заманауи тәжірибеге» Мақсаты:** Ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық ойындар мен өнерді балалардың жас ерекшелігіне сай тәрбие-білім беру үдерісіне тиімді кіріктіру. 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. Ұлттық ойындарды ұйымдастырылған іс-әрекетке кіріктіру тәжірибесі. 3. Асық, бестемше және басқа ұлттық ойындардың тәрбиелік мүмкіндіктері. 4. Ұлттық құндылықтарды отбасымен бірлескен жұмыстар арқылы насихаттау.	**Қаңтар**	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі

	5. **«Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі»** бағытындағы жұмыстарды талдау. 6. І жартыжылдықтағы балалардың негізгі даму көрсеткіштеріне талдау.		
3	**№4 отырыс. «Баланың әл-ауқаты: денсаулық, қауіпсіздік және экологиялық мәдениет» Мақсаты:** Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіз мінез-құлық және экологиялық мәдениет дағдыларын қалыптастырудағы педагогикалық жұмыстың нәтижелілігін арттыру. 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. Балалардың денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстарының нәтижесі. 3. Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдістері. 4. **«Жасыл балабақша»** жобасының жүзеге асырылу барысы. 5. Экологиялық тәжірибелер мен табиғатты бақылау жұмыстарын талдау. 6. Ата-аналармен денсаулық және экологиялық тәрбие бағытындағы бірлескен жұмыстар. 7. Ағымдағы мәселелер.	**Наурыз**	Әдіскер, медбике, тәрбиешілер
4	**№5 отырыс. «Тәжірибе. Нәтиже. Даму: педагогтің кәсіби қоржыны» Мақсаты:** Оқу жылы бойы жүргізілген әдістемелік жұмыстардың нәтижесін қорытындылау, тиімді педагогикалық тәжірибені анықтау және келесі оқу жылына даму бағыттарын белгілеу. 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. Педагогтердің жылдық шығармашылық және әдістемелік жұмыстарының қорытындысы. 3. Балалардың жыл соңындағы даму көрсеткіштеріне талдау. 4. Озық педагогикалық тәжірибелер мен авторлық әзірлемелерді таныстыру. 5. Педагогтердің кәсіби жетістіктерін саралау. 6. Жас мамандар мен тәлімгерлер жұмысының қорытындысы. 7. Келесі оқу жылына әдістемелік міндеттерді айқындау. 8. Жазғы сауықтыру кезеңіне әдістемелік ұсыныстар.	**Мамыр**	

3.2. Семинарлар, семинар-практикумдар, консультациялар, дөңгелек үстелдер жоспары

№	Тақырыбы және мазмұны	Өткізу түрі	Мерзімі	Жауапты мамандар
1	**«Ерте даму: баланың алғашқы қадамдарын қолдау»** – ерте жастағы балалардың бейімделуі, дербестігін қалыптастыру, ойын арқылы ерте дамытуды ұйымдастыру	Семинар-практикум	**Қазан**	Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог
2	**«Ұлттық құндылықтарды балабақша өміріне кіріктіру»** – ұлттық ойындар, салт-дәстүр, ұлттық мәдениет элементтерін күнделікті	Дөңгелек үстел	**Қараша**	Әдіскер, тәрбиешілер

	тәрбиелеу-білім беру процесінде қолдану			
3	**«Баланың сөйлеуін қолдау: педагогтің күнделікті тілдік ортасы»** – балалармен қарым-қатынаста сұрақ қою, әңгімелесу, сөздік қорды байыту және еркін сөйлеуге жағдай жасау	Практикалық консультация	**Қаңтар**	Әдіскер, тәрбиешілер
4	**«Балаға бағытталған педагогика: әр баланың мүмкіндігін қолдау»** – жеке ерекшеліктерді ескеру, инклюзивті орта қалыптастыру, балалардың белсенділігі мен дербестігін қолдау	Консультация, тәжірибе алмасу	**Сәуір**	Әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер

3.3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер

Топтардың ашық көрсетілімдері, әр педагог жылына кем дегенде 2 рет ашық ҰІӘ көрсетуі керек

№2 Педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған іс-әрекеттер				
№	**Тақырыбы**	**Топтар**	**Мерзімі**	**Жауаптылар**
1	«Ойын арқылы балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту»	ортаңғы	қазан	тәрбиеші
2	«STEAM элементтері арқылы қарапайым зерттеу әрекетін ұйымдастыру»	ортаңғы	қазан	тәрбиеші
3	«ЖИ элементтері арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру»	ортаңғы	қазан	тәрбиеші
№3 Педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған іс-әрекеттер				
№	**Тақырыбы**	**Топтар**	**Мерзімі**	**Жауаптылар**
1	«Мамандықтар әлеміне саяхат» – еңбекке қызығушылық пен қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру	Ересек топ	Қаңтар	Топ тәрбиешісі
2	«Мектепке қадам» – мектепке дейінгі баланың әлеуметтік және танымдық дайындығын дамыту	Ересек топ	Қаңтар	педагог-психолог
3	«Ақша әлеміне саяхат» – балалардың бастапқы қаржылық сауаттылығын қалыптастыру	Ересек топ	Ақпан	Тәрбиешілер
№4 Педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған іс-әрекеттер				
№	**Тақырыбы**	**Топтар**	**Мерзімі**	**Жауаптылар**
1	«Табиғатты аялайық» – өсімдіктерге қамқорлық жасауға үйрету	Кіші топ	Ақпан	Топ тәрбиешісі
2	«Түстер әлеміне саяхат» – негізгі түстерді ажырату	Кіші топ	Ақпан	Топ тәрбиешісі, дене шынықтыру нұсқаушысы

3.4. Педагогтердің цифрлық және инновациялық құзыреттерін дамыту

№	**Тақырыбы**	**Мақсаты**	**Мерзімі**	**Жауапты**
1	«Жасанды интеллект құралдарын мектепке	Педагогтердің ЖИ құралдарын оқу-тәрбие	Қазан–желтоқсан	Әдіскер, шығармашылық

	дейінгі білім беру үдерісінде қолдану»	жұмысында тиімді және қауіпсіз қолдану мүмкіндіктерін сынақтан өткізу, балаларға арналған көрнекілік, ойын және тапсырмалар әзірлеу тәжірибесін қалыптастыру		топ, тәрбиешілер
2	«STEAM және робототехника элементтері арқылы зерттеушілік ортаны дамыту»	Балалардың логикалық, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған STEAM және робототехника элементтерін тәжірибеде сынақтан өткізу және тиімді әдістерді енгізу	Ақпан–сәуір	Әдіскер, шығармашылық топ, тәрбиешілер
3	«Кітаптан – тәжірибеге: ертегі кейіпкерлерімен бірге зерттейміз»	Кітаптағы ертегілер мен әңгімелер негізінде қарапайым тәжірибелер ұйымдастыру арқылы балалардың зерттеушілік қызығушылығын, қиялын және себеп-салдарлық байланысты түсіну қабілетін дамыту	Қазан–сәуір	Әдіскер, топ тәрбиешілері
4	«Жасыл балабақша: табиғатты танып, зерттеп, қорғаймыз»	Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, өсімдіктер мен қоршаған орта туралы қарапайым ғылыми түсініктерін қалыптастыру, тәжірибе және бақылау арқылы экологиялық мәдениетін дамыту.	Қыркүйек-мамыр	Әдіскер, топ тәрбиешілері
5	«ЖИ әлемі: ақылды технологиялармен танысамыз»	Балалардың жасанды интеллект туралы қарапайым түсінігін қалыптастыру, ЖИ арқылы бейне, сурет, ертегі және танымдық материалдардың жасалуын бақылау арқылы зерттеушілік және цифрлық қызығушылығын арттыру	Қаңтар–мамыр	Әдіскер, шығармашылық топ, тәрбиешілер

IV. Балалармен тәрбиелеу-білім беру жұмысы

4.1. «Заң мен тәртіп» идеологиясының қағидаттарын іс асыру

№	Іс-шаралар	Өткізу түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Тәртіпті бала – үлгілі бала» – топтағы қарапайым ережелерді сақтау, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау,	Әңгімелесу, ереже құрастыру, дидактикалық ойындар	Қыркүйек	Әдіскер, барлық топ педагогтері

	ойыншықтар мен ортақ заттарға ұқыпты болуға үйрету			
2	«Сәлемдесу – сыйластықтың бастауы» – үлкендермен және құрдастарымен әдепті қарым-қатынас жасау, сәлемдесу мәдениетін және өзара құрметті қалыптастыру	Тақырыптық ойындар, жағдаяттық тапсырмалар	Қазан	Тәрбиешілер
3	«Адалдық – асыл қасиет» – адалдық, шыншылдық, әділеттілік және мейірімділік туралы түсініктерін кеңейту	Ертегі оқу, мультфильм көру, пікірлесу	Қараша	Тәрбиешілер, педагог-психолог
4	«Бірге ойнаймыз – ережені сақтаймыз» – бірлескен әрекетте келісу, кезек сақтау, ойын ережесін орындау және құрдастарымен сыйластықта әрекет ету дағдыларын қалыптастыру	Сюжетті-рөлдік, қимылды және ережелі ойындар	Желтоқсан	Барлық топ педагогтері
5	«Менің құқығым және міндетім» – ересек және мектепалды жастағы балаларға отбасы, балабақша және қоғамдағы қарапайым құқықтары мен міндеттері туралы түсінік беру	Әңгімелесу, жағдаяттық ойын, шағын жоба	Қаңтар	Әдіскер, тәрбиешілер, педагог-психолог
6	«Әділ шешім» – қарапайым жанжалдарды бейбіт жолмен шешу, өз ойын жеткізу, басқа баланың пікірін тыңдау және келісімге келу дағдыларын дамыту	Жағдаяттар театры, рөлдік ойындар	Ақпан	Педагог-психолог, тәрбиешілер
7	«Адал әрекет – дұрыс таңдау» – күнделікті өмірдегі дұрыс және бұрыс әрекеттерді ажырату, өз таңдауы үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру	Квест, интерактивті тапсырмалар	Наурыз	Әдіскер, тәрбиешілер
8	«Қауіпсіз орта және тәртіп» – балабақшада, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау, төтенше жағдай кезіндегі қарапайым әрекеттерді меңгерту	Қауіпсіздік квесті, бейнесюжет, практикалық ойын	Сәуір	Әдіскер, тәрбиешілер, медицина қызметкері
9	«Мен – тәртіпті, жауапты баламын» – жыл бойы қалыптасқан адалдық, сыйластық, жауапкершілік, өзара көмек және ережені сақтау дағдыларын бекіту	Қорытынды ойын-фестиваль, шығармашылық көрме	Мамыр	Әдіскер, барлық топ педагогтері

4.2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫ				

1	Өткен оқу жылының тәрбие іс - шараларының іске асырылу нәтижесіне талдау	Талдау	директор, әдіскерлері	Тамыз
2	Тәрбие жұмысы бойынша ҚР ОАМ нормативтік құжаттарының жаңартылған нұсқасымен таныстыру	Нормативтік құжаттарды жинақтау	директор, әдіскерлері	Тамыз
3	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес балабақшаның, топтардың жылдық жоспарын әзірлеу	Балабақшаның, топтардың жұмыс жоспары	директор, әдіскерлері	Тамыз
4	Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарын әзірлеу және үйлестіру	Жұмыс жоспары, Ақпарат	директор, әдіскерлері	Тамыз
5	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша негізгі басымдықтарды бекіту үшін әдістемелік кеңес, педагогикалық кеңес немесе жұмыс тобының отырысын өткізу	Хаттама	директор, әдіскерлері	Тамыз
6	6 әлеуметтік жобаны іске асыру жоспарын әзірлеу: «ҚАМҚОР»; «ЕҢБЕГІ АДАЛ – ЖАС ӨРЕН»; «SMART BALA»; «ШАБЫТ»; «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ», «БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ»	Жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары	директор, әдіскерлері	Қыркүйек
ЖЫЛ БОЙЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАР				
1	Ата-аналармен жұмыс (ата-аналар жиналыстары, кеңестер, сауалнама жүргізу, кездесулер)	Хаттама, анықтама, талдау, іс-шаралар, ақпарат	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері, тәрбиешілер, педагог-психолог	Жыл бойы
2	Балабақшаның отбасымен өзара әрекеттесуі мен бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін нығайту және отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау мақсатында «Даналық мектебі» жобалары бойынша іс-шараларды іске асыру «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер» және т.б.	Отбасы күніне арналған іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері	Ата-аналарды педагогикалық қолдау жоспарына сәйкес
3	Желілік өзара әрекеттестік пен серіктестікті кеңейту	Іс-шаралар жоспары	Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі	Жыл бойы
4	«Күй күмбірі», «Үнемді тұтыну», «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Апта дәйексөздері», «Менің достарым», «Өнегелі 15 минут», «Жасыл әлем», «Біз ұқыпты баламыз»,	Жобалар	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері, тәрбиешілер	Жыл бойы (күнделікті)

	«Қауіпсіздік ережелері», «Қаржы әлемі», «Мамандықтар әлемі: әркімнің еңбегін бағалаймыз»			
5	Мемлекеттік және қоғамдық құрылымдармен ынтымақтастық арқылы балаларды тәрбиелеуде кешенді тәсілді қамтамасыз ету, құқықтық сана қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау және патриотизмді қалыптастыру	Мемлекеттік құрылымдармен бірлескен іс-шаралар жоспары	директор, әдіскерлері	Жыл бойы
6	Жүргізілген тәрбиелік іс - шаралардың тиімділігін мониторингтеу және бағалау	Талдау, анықтама, сауалнама жүргізу	директор, әдіскерлері	Жыл бойы
7	Жас тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету және тәлімгерлік ету	Жоспар, кеңес, әдістемелік көмек, семинарлар, талдау, кері байланыс	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері	Жыл бойы
8	Қауіпсіздік техникасы, өрт және жол қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізу	Нұсқаулық, қауіпсіздік сағаты	директор, әдіскерлері	Жыл бойы
9	«Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету бойынша ата-аналарға арналған бейнероликтер мен инфографикалар	МДҰ ресми парақшаларында, әлеуметтік желілерінде, сайттарында жариялау	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері	Жыл бойы
1	«Психолог кеңестері», «Денсаулық құндылығы» атты апталық видеороликтер сериясы және (YouTube) арнасындағы вебинарлар	Ата-аналарға, педагогтарға және балаларға арналған YouTube трансляциясы	директор, әдіскерлері	Жыл бойы
1	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының ақпараттық қамтамасыз етілуі (балабақша сайты, әлеуметтік желілер, газеттер)	Әлеуметтік желілерге ақпарат	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері	Жыл бойы
1	Өткізілген іс- шаралар жұмысы бойынша есеп әзірлеу (жартыжылдықтар бойынша, оқу жылының соңында)	Анализ, есеп, анықтама	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері	Жартыжылдық, жылдық
1	Білім беру процесінің қатысушыларының балабақша іс-шараларына қатысу деңгейін сапалық және сандық талдау жүргізу	Анализ, мониторинг	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері	Тоқсан сайын
1	Ай сайын өткізілген іс- шаралар туралы ақпаратты Қосымша білім беру және оқу -әдістемелік орталығына жіберіп отыру	Өткізілген іс - шаралалар туралы ақпаратты	Мектепке дейінгі	Ай сайын

		берілген формада толтыру	ұйымның әдіскерлері	
АПТА САЙЫН				
1	«Менің Қазақстаным» - мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ортаңғы, ересек топтардың Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы	Ертеңгіліктер өткізу	директор, әдіскерлері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті. Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу.	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері, мектепалды топтың тәрбиешілері, мамандар	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
КҮНДЕЛІКТІ АТҚАРЫЛАТЫН МІНДЕТТІ ІС-ШАРАЛАР				
	«Күй күмбірі»	Күні бойы режимдік сәттерде (таңертеңгі қабылдау, түскі ұйқы, тамақтану) және ұйымдастырылған, шығармашылық іс-әрекеттерде балаларға күй тыңдату, балалар аспаптарында күй орындату	Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі, тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Күнделікті
	«Менің достарым»	Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (ойын, танымдық, шығармашылық)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Күнделікті
	«Апта дәйексөздері»	Ата-аналармен бірлескен әрекет, ата-аналарға	Мектепке дейінгі ұйымның	Күнделікті

		арналған ақпараттық стенді	тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	
	«Өнегелі 15 минут»	Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (әңгімелесу, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау, аудиожазба тыңдау, сахналау)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Күнделікті
	«Жасыл әлем»	Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері(зерттеу, еңбек, ойын)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Күнделікті
	«Біз - ұқыпты баламыз»	Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (зерттеу, еңбек, ойын)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Күнделікті
	«Қауіпсіздік ережелері»	Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (ойын, танымдық, шығармашылық)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Күнделікті
	«Мамандықтар әлемі: әркімнің еңбегін бағалаймыз»	Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері (зерттеу, еңбек, ойын)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Күнделікті
	«Қаржы әлемі»	Күні бойы тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,әдіскері,	Күнделікті

		(сюжеттік рөлдік ойындар,танымдық, зерттеу, еңбек)	мектепалды сыныптың педагогі	
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕККӨРЛІК ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
Дәйексөздер: 1 –апта «Білімді болғың келсе -тіліңді құрметте» 2-апта «Отбасы -бақыт мекені» 3-апта Білімді бала – еңбекқор бала» 4-апта «Бақылаудан – білімге!»				
1	«Білім күні» салтанатты іс-шара «Сәлем, менің балабақшам»	Таңертеңгілік режимде салтанатты жиын. Мемлекеттік гимнді орындау, білім сағаты	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, музыка жетекшісі, тәрбиешілер	Қыркүйек 1-апта
2	Қазақстан халқы тілдері күні: «Тіл байлығы – ой байлығы», «Ана тілім ардағым»	Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған жалпы балабақшаішілік іс-шара.	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, қазақ тілі педагогы, тәрбиешілер	Қыркүйек 1-апта
3	Отбасы күніне арналған іс-шаралар: «Отбасым бақыт мекені»	«Даналық мектебі» аясындағы іс-шаралар, челлендждер, концерттік бағдарламалар, тренингтер	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, музыка жетекшісі, тәрбиешілер, ата-аналар	Қыркүйек 2-апта
ҚАЗАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Ұстаздар күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 Қазан – Республика күні				
Дәйексөздер: 1 -апта «Жақсы тәрбие – жақсы әдеттің бастауы» 2-апта«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» 3-апта «Кітап оқы, ақылды бол!» 4-апта «Біз – Тәуелсіз елдің ұланымыз!»				
Апта дәйексөзі:«Жақсы тәрбие – жақсы әдеттің бастауы»				
1	«Қамқор» жобасы аясында қарттар күніне арналған іс-шаралар: «Әжем мен атама сыйлығым» акциясы	Мерекелік іс-шаралар. Қолөнер көрмесі	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері,	Қазан 1-апта

			тәрбиешілері, ата-аналар	
2	Ұстаздар күніне арналған іс-шаралар «Барлығына рақмет!»	Мерекелік іс - шаралар: концерттер, челленджер, дөңгелек үстел, Дублер күні және т.б.	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, музыка жетекшісі	Қазан 1-апта
3	«Кітап менің қазынам» жобасы аясында «Оқырман отбасы»	Тәрбиеленушілер мен ата-аналардың, педагогтердің бірлескен іс – әрекеті (байқаулар, көрмелер, акциялар, челлендж)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар	Қазан 3-апта
ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ				
15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
Дәйексөздер: 1 –апта «Әділдік-адалдықтың айнасы» 2-апта «Әділдік бар жерде достық бар» 3-апта «Жауапкершілік-жақсы істің бастауы» 4-апта «Әділетті бала-әдепті бала»				
1	«Балаларды жақсы көретін ата-аналар клубы»	Ашық есік күндері. Ата-аналарды қолдау орталықтары аясында өткізілетін іс-шаралар: кездесулер, тренингтер, семинарлар	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар	Қараша 2-апта
2	«Кіші жастан бастап киберқауіпсіздік», «Гаджеттер мен балалар»	Ата-аналар және балалармен цифрлық ортадағы мінез – құлық ережелері туралы семинарлар	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері	Қараша 4 апта
ЖЕЛТОҚСАН – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
Дәйексөздер: 1-апта «Бірлік елеміздің тұғыры» 2-апта «Әкелерге тағызым» 3-апта «Берекелі отбасы бақыттың бастауы» 4-апта «Ынтымақты елдің болашағы жарқын 1-апта «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» 2-апта «Бірлігіміз- берекеміз!»				

3-апта «Тәуелсіз ел-Мәңгілік ел!» 4-апта «Еліммен бірге өсеміз!»				
1	«Ханталапай» ойыны	Топаралық ұлттық ойындар байқауын өткізу	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, дене шынықтыру нұсқаушысы	Желтоқсан 1-апта
2	«Менің балабақшам»: жаңа жылдық ертеңгіліктер	Жаңа жыл мерекесіне арналған мерекелік іс-шаралар	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, музыка жетекшісі	Желтоқсан 4-5 апта
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ 1 қаңтар – Жаңа жыл 10 қаңтар Қазақстандағы экология күні				
Дәйексөздер: 1 –апта «Тәртіпті бала –үлгілі бала» 2-апта «Заң – әділдіктің тірегі» 3-апта «Ереже - біздің досымыз» 4-апта «Әділдік – адамдықтың өлшемі»				
1	«Менің әкем – полиция қызметкері» республикалық байқаудың қалалық кезеңі	Мектеп жасына дейінгі тәрбиленушілер арасында (4-5 жастағы балалар) суреттер көрмесін өткізу	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері	Қаңтар 2-апта
2	Педагогикалық ринг: «Заңды білу міндет, сақтау мәдениет»	Балабақша педагогтерінің арасында QUIZ ойыны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері	Қаңтар 2-апта
3	«Мен – тәртіпті баламын»	«Қауіпсіз маршрут» интерактивті және дидактикалық ойындарын ұйымдастыру (жол белгілері мен бағдаршам ережелері)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы	Қаңтар 3-апта
4	«Қамқор» жобасы аясында «Қар десанты» волонтерлік эстафета	Қар тазалаудан волонтерлік эстафета (балабақша ауласында қардан мүсіндер	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері,	Қаңтар 4-апта

		жасау, ауланы тазалауға көмектесу)	тәрбиешілері, ата-аналар	
АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АЙЫ 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
Дәйексөздер: 1-апта «Жасампаз бала- ел ертеңі 2-апта «Кітап -білім бұлағы» 3-апта «Жаңашылдық-жаңа ойдың бастауы» 4-апта «Қауіпсіз бала – бақытты бала.»				
1	Адалдық әліппесі: «Адалдық дүкені» республикалық акцияның қалалық кезеңі	Сахналық қойылымдар, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері	Ақпан 1-апта
2	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітап менің қазынам», «Балабақшамызға кітап сыйлайық!»	Тәрбиеленушілер мен ата-аналардың, педагогтердің бірлескен іс-әрекеті (байқаулар, көрмелер, акциялар, челлендж)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар	Ақпан 2-апта
3	«Біріңғай өрт қауіпсіздігі» күні Республикалық акцияның қалалық кезеңі	ТЖМ департменттерімен бірлескен іс-шаралар	Мектепке дейінгі білім беру ұйымы,ТЖМ департаменті.	Ақпан 4-апта
НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
Дәйексөздер: 1-апта «Жақсылыққа алғыс айту- парасаттылықтың белгісі» 2-апта «Ана – өмірдің шуағы» 3-апта ««Жаңару – жақсылықтың бастауы» 4-апта ««Зерттеу – танымға бастар жол»				
1	Алғыс айту күніне орай: «Барлығына рахмет» челлендж өткізу	Тәрбиеленушілер мен ата-аналар, педагогтердің бірлескен іс - әрекеттері	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, музыка жетекшісі	Наурыз 1-апта

2	«Педагогтің құқықтары мен жауапкершілігі»	Әдістемелік тренингтер мен кейстер	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскерлері, педагог-психолог	Наурыз 4-апта
СӘУІР – ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
Дәйексөздер: 1-апта «Кітаптан білім алайық, құстарға қамқор болайық!» 2-апта «Дені сау ұрпақ – елдің жарқын болашағы» 3-апта «Шебердің қолы ортақ» 4-апта «Кітап – біздің досымыз»				
1	Әжемнің ертегілері: «Менің сүйікті кейіпкерім», «Досыңа кітап сыйла!» акциясы	Топтағы кітап бұрышында, МДҰ мобильді кітапханасында ұйымдастырылған іс- әрекеттер, ата-аналар мектебімен бірлескен іс-шаралар	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының әдіскерлері, тәрбиешілері, ата-аналар	Сәуір 1 апта
2	Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Таза Қазақстан-дені сау ұрпақ!» іс-шарасы	Тәрбиеленушілердің, ата-аналардың және педагогтердің қатысуымен бірлескен спорттық эстафеталар ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, дене шынықтыру нұсқаушысы, ата-аналар	Сәуір 2-апта
МАМЫР– БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні				
Дәйексөздер: 1-апта «Бірлік елеміздің тұғыры» 2-апта «Әкелерге тағызым» 3-апта «Берекелі отбасы бақыттың бастауы» 4-апта «Ынтымақты елдің болашағы жарқын»				
1	1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған **«Dostyq FEST»**	Тәрбиеленушілер арасында мерекелік іс-шара	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері,	Мамыр 1- апта

			ата-аналар, музыка жетекшісі	
2	**«Кішкентай тәртіп сақшылары»**	*Спорт апталығы (күшті, ептілікті, өзара көмек пен тәртіпті насихаттайтын эстафеталар мен командалық ойындар*	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, ата-аналар, дене шынықтыру нұсқаушысы	Мамыр 1- апта

4.3. Қауіпсіздік мектебі (жол,өрт, төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлық)

№ р/с	Тақырыптар	Міндеттері	Мерзімі
1	«Кішкентай құтқарушылар академиясы» ойыны	- «Досыңа көмек көрсет» (жарақат алған кезде қарапайым әрекет ету).	Қыркүйек
2	«Қауіпсіздік мамандарының күні» Өрт сөндіру бөліміне саяхат	Балаларға өрт сөндіру және құтқару қызметі мамандарының , арнайы техника түрлерімен таныстыру;	Қазан
3	«Қауіпсіздік өзімнен басталады» ойын	«Қауіпсіздік театрында» қауіпті жағдайларды ажыратып, дұрыс әрекет етуге үйрету; әр топтың өз алаңын таныстыруы арқылы алған білімдерін бекіту.	Қараша
4	«Қауіпсіз әлем» мультимедиялық саяхат	Проектор және планшеттерді пайдалана отырып, балалардың проблемалық жағдаяттарды шешу дағдыларын қалыптастыру; дүкенде адасып қалған кезде дұрыс әрекет етуге үйрету; бейтаныс заттарды байқап, сақтық танытуға баулу;	Желтоқсан
5	«Қауіпсіз әдеттер апталығы» челленджі	Әр күн белгілі бір тақырыпқа арналады: -Дүйсенбі — үйдегі қауіпсіздік; -Сейсенбі — жолдағы қауіпсіздік; - Сәрсенбі — денсаулық пен гигиена; - Бейсенбі — табиғаттағы қауіпсіздік; - Жұма — қарым-қатынас кезіндегі қауіпсіздік.	Қаңтар

6	«Егер….не істеу керек?» жағдаяттар ойындар	Балалар мынадай: - үйде жалғыз қалғанда; - дәрі тауып алған кезде; - адасып қалғанда; - түтін көргенде; -бейтаныс адамды кездестірген жағдайдағы көріністерді ойнайды.	Ақпан
